

Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 211 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1921. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу мен қадалағау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 30 сәуірдегі N 61 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу мен қадалағау агенттігі Басқармасының 2010.04.30 N 61 Қаулысымен.

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **қаулы етеді** :

1. Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап алпыс күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының сақтандыру резервтерін қалыптастыру тәртібі және мөлшері туралы" 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 442 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, актуарийлер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 "Қазақстан Республикасының
 сақтандыру (қайта сақтандыру)
 ұйымдарының сақтандыру резервтерін
 есептеу әдісіне қойылатын талаптар
 туралы нұсқаулықты бекіту туралы"
 2002 жылғы 3 маусымдағы
 N 211 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру)
 ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесіне
 қойылатын талаптар туралы нұсқаулық**

Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесіне қойылатын талаптар туралы осы нұсқаулық "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабының 8-тармағына және 47-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған сақтандыру резервтерінің құрылымын және сақтандыру резервтерін есептеу, соның ішінде қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесін есептеу әдістемесіне қойылатын талаптарды айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 103 Қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады :

- 1) актуарийлік әдістер - сақтандыру резервтерін есептеу кезінде актуарий қолданатын экономикалық-математикалық есептеу әдістері;
- 2) базалық сақтандыру сыйлықақысы – сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасасу бойынша делдалдық қызмет көрсеткені үшін есептелген комиссиялық сыйақының және/немесе қайта сақтанушыға (цедентке) комиссиялық сыйақыны төлеу бойынша есептелген шығыстардың сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының жиынтығында он пайызынан аспайтын мөлшерде сомасына азайтылған,

сақтанушыдан (қайта сақтанушыдан) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша алуға есептелген сақтандыру сыйлықақысы;

2-1) қайта сақтандыру шарты бойынша базалық сақтандыру сыйлықақысы – қайта сақтандыру шартын жасасу бойынша делдалдық қызмет көрсеткені үшін есептелген комиссиялық сыйақының және қайта сақтандыру шарты бойынша есептелген комиссиялық сыйақының сомасына азайтылған, қайта сақтандыру шарты бойынша қайта сақтандыру ұйымының қайта сақтанушысы есептеген сақтандыру сыйақысы (қайта сақтанушысы қайта сақтандыру ұйымына нақты төлейтін сақтандыру сыйлықақысының сомасы);

3) есептеу күні - сақтандыру резервтері есептелетін күн;

4) еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақысы - сақтандыру сыйлықақысының есептеу күнінен кейінгі сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғауды қолдану кезеңіне қатысты бөлігі;

5) нетто-сыйлықақы (бөліп төлеу кезіндегі нетто-жарналар) - актуарийлік әдістер негізінде актуарий бағалаған, өзге де шығыстарын өтеуді есепке алмастан сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөнінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қабылдаған міндеттемелері үшін ғана сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы төлеуі тиіс ақша сомасы;

б) реттелмеген талап - ол бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмаған немесе толық көлемде жүзеге асырылмаған, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сәйкес сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөнінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қойылған талап;

7) келтірілген күтілетін құн - сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) не сақтандыру төлемдерінің не проценттік ставкасын және есептеу күні мен сақтандыру сыйлықақысының (жарналарының) келіп түскен күні не сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру күнінің арасындағы уақыт кезеңін ескере отырып есептелген (дисконтталған шығыстардың күтілетін (ықтимал) құны;

8) мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резервтері - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басталуы туралы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының талаптарына сәйкес есептеу күніне дейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына мәлімделген және олар бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмаған немесе толық көлемдер жүзеге асырылмаған сақтандыру оқиғалары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелері;

9) орын алмаған шығындардың резерві - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есептеу күніне орын алмаған, бірақ сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының қолданылу кезеңінде болашақта орын алуы мүмкін сақтандыру оқиғалары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі

міндеттемелері;

10) орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві - басталуы туралы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сәйкес есептеу күніне дейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына мәлімделмеген сақтандыру оқиғалары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелері;

11) қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі - сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша цедентке комиссиялық сыйақы төлеуге байланысты міндеттемелерді қоспағанда, қайта сақтандырушының есептеу күніне сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерінің бір бөлігін көрсететін активі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003.12.06 N 433 , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 , 2009.04.29 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

2-тарау. Сақтандыру резервтерінің құрылымы

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы міндетті түрде қалыптастыратын сақтандыру резервтеріне:

1) еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақылар резерві - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы "жалпы сақтандыру" саласында сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қалыптастырады (бұдан әрі - ЕСР);

2) орын алмаған шығындардың резерві - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы "өмірді сақтандыру" саласында сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қалыптастырады (бұдан әрі - ОШР);

3) шығындар резерві:

орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві (бұдан әрі - ОМШР);
мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві (бұдан әрі - МРШР)
к і р е д і .

3. Жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қосымша тәуекелдер бар болған кезде, актуарий жасаған тиісті актуарийлік қорытынды негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қосымша тәуекелдерді өтейтін қосымша резервтерді қалыптастыруы тиіс.

3-тарау. Сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесіне қойылатын жалпы талаптар

4. Қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық көлемде қалыптастырылған, актуарий есептеген сақтандыру резервтері болуы міндетті.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003.12.06 N 433 қаулысымен .

4 . 1 . < * >

Ескерту. 4-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру резервтерін актуарий жасаған актуарийлік қорытынды негізінде және сәйкес әрбір сақтандыру сыныбы бойынша жеке-жеке қалыптастырады.

6. Сақтандыру резервтерін есептеуді осы Нұсқаулыққа және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының талаптары негізінде актуарий жүзеге асырады.

7. Сақтандыру резервтері барлық жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қабылдаған міндеттемелердің көлемі ескеріле отырып тәуекелдерді кейіннен қайта сақтандыруға қарамастан есептеледі.

Сақтандыру резервтерін есептеу кезінде осы Нұсқаулықтың 2-тармағында көрсетілген резервтердің әрбір түрі ескеріле отырып қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі осы Нұсқаулықтың 5-1-тарауына сәйкес үлесі көрсетіледі .

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

8. Сақтандыру резервтерін есептеу кезінде актуарий сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сақтандыру резервтерін қамтамасыз ету үшін қалыптастырылған инвестициялық портфелі бойынша кірістілігінің болжамды деңгейіне тең, бірақ :

- 1) егер сақтандыру валютасы шетел валютасы болып табылса, 5 проценттен;
- 2) егер сақтандыру валютасы Ұлттық валюта болып табылса, 8 проценттен жоғары емес тиімді жылдық проценттік ставканы пайдалануға міндетті.

9. Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында немесе міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде сақтандыруды қорғауды қолдану мерзімі нақты белгіленбесе, есептеу үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын қолдану мерзімі қабылданады.

9-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен 18.00 сағаттан кешіктірмей актуарий бекіткен осы Нұсқаулықтың қосымшасына сәйкес сақтандыру резервтерін есептеу туралы есепті ұсынады.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003.12.06 N 433 , өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

4-тарау. "Жалпы сақтандыру" саласы

\$1. Еңбек сіңірілмеген резерв

10. ЕСР сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша есептеу күнінен кейінгі сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғауды қолдану кезеңіне қатысты базалық сақтандыру сыйлықақысын білдіреді.

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ЕСР есептеу күніне сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғауды аяқталмаған қолдану мерзіміне тепе-тең есептелетін өлшемге тең. Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы, ауырған жағдайда сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын қоспағанда, есептеу күніне мерзімі өтпеген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғауды қолданудың барлық мерзіміне қатысты базалық сақтандыру сыйлықақысы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ECC = BC * \frac{T_1}{T_2} - BCЖ,$$

мұндағы: BC - базалық сақтандыру сыйлықақысы;

T1 - сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғау қолданылатын күндердің саны;

T2 - сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғауды қолдану басталған сәттен бастап есептеу күніне (қоса алғанда) дейін өткен күндердің саны.

Ауырған жағдайда сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша еңбек сіңірілмеген сыйлықақы есептеу күніне мерзімі өтпеген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғауды қолданудың барлық мерзіміне қатысты базалық сақтандыру сыйлықақысы және сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарына сәйкес есептеу күнінен кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы төлеуге тиісті базалық сақтандыру жарналары қосындысының айырмасы ретінде

мынадай формула бойынша белгіленеді:

$$ECC = BC \times \frac{T_1 - T_2}{T_1} - BCЖ, \quad BCЖ = CJЖ * \frac{BC}{CC}$$

мұндағы: BC - базалық сақтандыру сыйлықақысы;
 T1 - сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғау қолданылатын күндердің саны;

T2 - сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғауды қолдану басталған сәттен бастап есептеу күніне (қоса алғанда) дейін өткен күндердің саны;

BCЖ - сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарына сәйкес есептеу күнінен кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы төлеуге тиісті базалық сақтандыру жарналары;

CC - сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы;

CJЖ - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарына сәйкес есептеу күнінен кейін төленуге тиіс сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру жарналары.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003.12.06 N 433 қаулысымен, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 103 қаулысымен.

12. Осы сақтандыру (қайта сақтандыру) сыныбының барлық шарттары бойынша еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) сыныбы бойынша еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақыларының резерві болып табылады.

\$2. Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві

13. ОМШР-ін актуарий сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы сақтандыру сыныбында сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі жинақталған статистикасын ескере отырып, ОМШР-дің есебі осы Нұсқаулықтың 14-1-тармағына сәйкес жасалатын ипотекалық сақтандыру сыныбын қоспағанда, әрбір сақтандыру сыныбы бойынша жеке-жеке есептейді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 103 қаулысымен.

14. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында осы сақтандыру класында сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі өз статистикасы болмаған не осындай статистиканың деректері жеткіліксіз болған (актуарийдің қорытындысына сәйкес) кезде ОМШР-нің өлшемі МРШР-дің 50%-нен кем болмауы тиіс. Егер МРШР-дің мөлшері нольге тең болса, онда ОМШР-дің мөлшері сақтандыру (қайта сақтандыру) есептеу күнінің алдындағы 12 ай ішінде шарттары бойынша есептелген базалық сақтандыру сыйлықақысы сомасының 5% - н е н к е м б о л м а у ы т и і с .

Актуарийдің қорытындысына осы сақтандыру сыныбында сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі меншікті статистиканың жетіспеушілік критерийлерін, сондай-ақ осы бөлім бойынша толық есеп айырысулар мен негіздеме кіреді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003.12.06 N 433 қаулысымен, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен.

14-1. Ипотекалық сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР көлемі есеп айырысу күнінің алдындағы соңғы он екі ай үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептелген базалық сақтандыру сыйлықақы сомасының 60%-н а н к е м е м е с б о л а д ы .

Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 103 қаулысымен.

§3. Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві

15. МРШР-і есептеу күніне әрбір мәлімделген, бірақ реттелмеген талаптар бойынша есептеледі. Мәлімделген шағым-талап осы шағым-талап бойынша шығын мөлшерін көрсете отырып сақтанушының сақтандыру жағдайы басталғандығы туралы сақтанушыға қолайлы кез келген тәсілмен және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен хабарланған кезден бастап мәлімденген ретінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындарды есепке алу журналында тіркеледі.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003.12.06 N 433 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 103 қаулысымен.

16. МРШР-нің мөлшері мынадай өлшемге тең болады:

$$\text{М Р Ш Р} = \text{Т} + \text{Т Ш}$$

б ұ л ж е р д е :

Т - сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша мәлімделген талаптар бойынша жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдері;

ТШ - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мәлімделген талаптар бойынша сақтандыру төлемдерін қарауға, реттеуге, мөлшерін белгілеуге тікелей байланысты жүзеге асырылатын шығыстары.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мәлімделген талаптар бойынша сақтандыру төлемдерін қарауға, реттеуге, мөлшерін белгілеуге тікелей байланысты жүзеге асырылатын шығыстарын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы берген мәліметтердің негізінде нақты шығыстар мөлшеріндегі актуарий есептейді және мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар сомасының кемінде бір проценті, бірақ кемінде екі айлық есептік көрсеткішті болуы тиіс.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

1 7 . < * >

Ескерту. 17-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

18. Егер жүзеге асырылатын сақтандыру төлемінің мөлшері белгіленбесе, онда осы Нұсқаулықтың 16-тармағына сәйкес МРШР-ті есептеу үшін сақтандыру төлемінің сақтандыру жағдайы туралы алдын ала сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы алған ақпаратқа сәйкес бағаланған ең жоғары, бірақ сақтандыру сомасынан аспайтын ықтимал мөлшері қолданылады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

19. Осы нұсқаулықтың 16-тармағында көрсетілген МРШР өлшемі есептеу күніне сақтандырушының (қайта сақтандырушының) сақтандыру сыйлықақыларын (сақтандыру жарналарын) төлеу бойынша берешегінің с о м а с ы н а а з а ю ы м ү м к і н .

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

19-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы МРШР-нің мөлшерін ол бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған не сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы туралы шешім шыққан, не сақтанушының ол бойынша сақтандыру төлемін алудан жазбаша бас тартқан (күндердің қайсысы бұрын басталатындығына байланысты) кезге дейін талап туралы өтініш берген кезден бастап үш жылдың ішінде қалыптастырады.

Ескерту: 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

5-тарау. "Өмірді сақтандыру" саласы

20. "Өмірді сақтандыру" саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін актуарий әрбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша, сақтандыру ұйымы сақтандырылушының қайтыс болу тәуекелін өтемеген жағдайларда, сақтандырушының инвестициялық кірісіне сақтанушының қатысуымен өмірді сақтандыру шарттарын қоспағанда, жеке-жеке, сондай-ақ:

- 1) өмірді жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру);
- 2) өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру);
- 3) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды бастау мерзімдері есептеу күнінен кейін болатын аннуитет;
- 4) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды бастау мерзімдері есептеу күніне дейін басталған аннуитет шарттарының түрлері бойынша жеке-жеке есептейді.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 103 қаулысымен .

21. "Өмірді сақтандыру" саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жазатайым жағдайдан сақтандыру сыныбы бойынша және ауырған жағдайда сақтандыру сыныбы бойынша және медициналық сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыру резервтерін актуарий Нұсқаулықтың 4-тарауына сәйкес есептейді.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 103 қаулысымен .

\$1. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар резерві

22. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ОШР-і есептеу күніне қолданылып жүрген өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар резервтерінің сомасы ретінде есептеледі.

23. Әрбір жеке өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ОШР мынадай екі өлшемнің бірінің ең жоғары өлшеміне тең:

- 1) $OШР1 = ТКкк + ТМКкк + ОШКкк - СЖКкк$,
бұл жерде, ТКкк - сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарында

көзделген сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құны;
ТМКкк - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдерін қарауға, реттеуге, мөлшерін белгілеуге тікелей байланысты жүзеге асырылатын шығыстарының келтірілген күтілетін құны;

ОШКкк - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының іс жүргізуге байланысты операциялық шығыстарының келтірілген күтілетін құны;

СЖКкк - есептеу күнінен кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы алуы тиіс сақтандыру жарналарының келтірілген күтілетін құны.

$$2) \quad \text{ОШР} 2 = \text{ТКкк} - \text{СНЖКкк},$$

бұл жерде, ТКкк - сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарында көзделген сақтандыру төлемдерінің тек қана сақтандыру жағдайы басталған кездегі келтірілген күтілетін құны (шартта белгіленген сақтандыру кезеңінің аяқталуы бойынша жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдерін есепке алмастан);

СНЖКкк - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы тек қана сақтандыру жағдайының басталуына байланысты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөнінде қабылдаған міндеттемелері үшін есептеу күнінен кейін алуы тиіс сақтандыру нетто-жарналарының (бір жолғы төлеу кезінде - сақтандыру нетто-сыйлықақысы) келтірілген күтілетін құны (шартта белгіленген сақтандыру кезеңінің аяқталуы бойынша жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдерін есепке алмастан).

\$2. Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві

24. Аннуитет шарты бойынша ОШР-і есептеу күніне қолданылып жүрген барлық аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар резервтерінің сомасы ретінде есептеледі.

25. Жеке аннуитет шарты бойынша ОШР-і мынадай өлшемге тең:

$$\text{ОШР} = \text{ТКкк} + \text{ОШКкк} - \text{СЖКкк},$$

бұл жерде, ТКкк - аннуитет шартының талаптарында көзделген сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құны;

ОШКкк - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аннуитет шарты бойынша іс жүргізуге байланысты операциялық шығыстарының келтірілген күтілетін құны;

СЖКкк - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептеу күнінен кейін алуы тиіс сақтандыру нетто-жарналарының (бір жолғы төлеу кезінде - сақтандыру нетто-сыйлықақысы) келтірілген күтілетін құны. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды бастау мерзімі есептеу күніне дейін басталған аннуитет шарты үшін СЖКкк нөлге тең.

25-1. Аннуитет шарты бойынша тұрақты сақтандыру төлемдерінің мөлшерін арттыру кезінде, ОШР айқындалады:

осы Нұсқаулықтың 25-тармағына сәйкес сақтандыру төлемдері кезеңінде. Сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құнын есептеу сақтандыру төлемдерінің мөлшеріне жасалған арттыруды есепке ала отырып жүзеге асырылады;

мына өлшемдердің барынша жоғарғысы сияқты жинақтау кезеңінде:

1) сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құнына қосылған осы Нұсқаулықтың 25-тармағына сәйкес айқындалған ОШР мөлшері (сақтандыру төлемдерінің мөлшерін арттырмай). Сақтандыру төлемінің күтілетін құны актуарий есептеген және бөлген аннуитет шарты бойынша қосымша кірістердің мөлшеріне тең;

2) осы Нұсқаулықтың 25-тармағына сәйкес айқындалған ОШР мөлшері (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қосымша кірістерінің есебінен аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшерін арттыруды есепке ала отырып).

Ескерту. 25-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

\$3. Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві

26. Өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ОМШР осы сақтандыру түрі бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жинақтаушы статистикасын ескере отырып актуарий есептейді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі меншікті статистика болмаған не осындай статистиканың деректері жеткіліксіз болған кезде (мазмұны осы Нұсқаулықтың 14-тармағының талаптарына сәйкес келетін актуарийдің қорытындысына сәйкес) ОМШР өлшемі МРШР-нің кемінде елу процентін құрауы тиіс. Егер МРШР-нің мөлшері нөлге тең болған жағдайда, ОМШР өлшемі есеп айырысу күнінің алдындағы соңғы он екі айдың ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептелген базалық сақтандыру сыйлықақылары сомасының кемінде бес процентін құрауы тиіс .

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

27. Аннуитет шарттары бойынша, сондай-ақ жинақтаушы өмір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ОМШР-і нөлге тең.

\$4. Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві

28. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша МРШР-і есептеу күніне әрбір мәлімделген, бірақ реттелмеген талаптар бойынша есептеледі.

29. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша МРШР

$$\text{М Р Ш Р} = \text{Т} + \text{К Ш} ,$$

б ұ л ж е р д е :

Т - реттелмеген талаптар бойынша сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құны ;

КШ - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдерін қарауға, реттеуге, мөлшерін белгілеуге тікелей байланысты жүзеге асырылатын шығыстарының келтірілген күтілетін құны.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдерін қарауға, реттеуге, мөлшерін белгілеуге тікелей байланысты жүзеге асырылатын шығыстарын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы берген мәліметтердің негізінде нақты шығыстар мөлшеріндегі актуарий есептейді. Осындай шығыстардың күтілетін құны мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар сомасының кемінде бір проценті, бірақ кез келген жағдайда кемінде екі айлық есептік көрсеткішті болуы тиіс.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

3 0 . < * >

Ескерту. 30-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

31. Осы Нұсқаулықтың 29-тармағында көрсетілген МРШР-нің өлшемі сақтандырушының (қайта сақтандырушының) есептеу күніне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының алдындағы берешегінің сомасына азаюы мүмкін.

Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

31-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы МРШР-нің қалыптасқан мөлшерінің болуын ол бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған не

сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы туралы шешім шыққан, не сақтанушының ол бойынша сақтандыру төлемін алудан жазбаша бас тартқан (күндердің қайсысы бұрын басталатындығына байланысты) кезге дейін талап туралы өтініш берген кезден бастап үш жылдың ішінде қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Ескерту. 31-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

32. Аннуитет шарттары бойынша мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві нөлге тең.

5-1-тарау. Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі

Ескерту. 5-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26 N 101 қаулысымен .

32-1. Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі қайта сақтандырудың мынадай түрлеріне:

- 1) үйлесімді қайта сақтандыру;
- 2) үйлесімсіз қайта сақтандыруға байланысты жеке айқындалады.

&1. "Жалпы сақтандыру" саласы 1. Үйлесімді қайта сақтандыру

32-2. ЕСР-ғы қайта сақтандырушының үлесі қайта сақтандыруға берілген сақтандыру шарты бойынша жауапкершілік үлесіне сүйене отырып не осы Нұсқаулықтың 10 және 11-тармақтарына сәйкес қайта сақтандыру шарты бойынша базалық сақтандыру сыйлықақысының нақты мөлшерінің негізінде есептеледі (алынған өлшемдердің қайсысының барынша аз болып табылатындығына байланысты).

Ескерту. 32-2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

32-3. МРШР-ғы қайта сақтандырушының үлесі қайта сақтандыруға берілген әрбір сақтандыру шарты бойынша жеке мәлімделген талап бойынша есептеледі және мәлімделген шығын сомасына қайта сақтандыруға берілген сақтандыру шарты бойынша жауапкершілік үлесін жасауға тең болады.

Егер ол бойынша талаптар мәлімделген сақтандыру шарты қайта сақтандыру шартының талаптарын қанағаттандырмаса, онда осы шарт бойынша МРШР-ғы қайта сақтандырушының үлесі нөлге тең болады.

32-4. ОМШР-ғы қайта сақтандырушының үлесін осы сақтандыру сыныбындағы қайта сақтандыруға берілген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі жинақтаушы статистиканың негізінде жеке әрбір сақтандыру сыныбы бойынша, ипотекалық сақтандыру сыныбын қоспағанда, актуарий айқындайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында осы сақтандыру сыныбындағы қайта сақтандыруға берілген сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі меншікті статистика болмаған не осындай статистиканың деректері жеткіліксіз болған кезде (мазмұны осы Нұсқаулықтың 14-тармағының талаптарына сәйкес келетін актуарийдің қорытындысына сәйкес) ОМШР-ғы қайта сақтандырушы үлесінің мөлшері МРШР-ғы қайта сақтандырушы үлесі мөлшерінің кемінде елу процентін құрауы тиіс. Егер МРШР мен МРШР-ғы қайта сақтандырушы үлесінің мөлшері нөлге тең болған жағдайда, ОМШР-ғы қайта сақтандырушы үлесінің өлшемі есеп айырысу күнінің алдындағы соңғы он екі айдың ішінде қайта сақтандыру шарттары бойынша есептелген базалық сақтандыру сыйлықақысы сомасының кемінде бес процентін құрауы тиіс.

Сақтандырудың осы сыныбы бойынша қайта сақтандыруға берілген ипотекалық сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының ОМШР-дегі үлесінің мөлшері есеп айырысу күнінің алдындағы соңғы он екі ай үшін қайта сақтандыру шарттары бойынша есептелген базалық сақтандыру сыйлықақы сомасының 60%-нан кем емес болады.

Ескерту. 32-4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 103 қаулысымен .

2. Үйлесімсіз қайта сақтандыру

32-5. ЕСР-ғы қайта сақтандырушының үлесі осы Нұсқаулықтың 10 және 11-тармақтарына сәйкес айқындалады.

Қайта сақтандыру шарты бойынша базалық сақтандыру сыйлықақысы қайта сақтандыру шарты қолданылатын сақтандыру шарты бойынша базалық сақтандыру сыйлықақысынан аспауы тиіс.

Ескерту. 32-5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

32-6. МРШР-ғы қайта сақтандырушының үлесі қайта сақтандыруға берілген әрбір сақтандыру шарты бойынша жеке мәлімделген талап бойынша есептеледі және мәлімделген шығын сомасы мен сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты

бойынша сақтандыру ұйымының меншікті ұстап қалуының арасындағы айырмашылыққа тең болады.

Егер ол бойынша талаптар мәлімделген сақтандыру шарты қайта сақтандыру шартының талаптарын қанағаттандырмаса, онда осы шарт бойынша МРШР-ғы қайта сақтандырушының үлесі нөлге тең болады.

32-7. ОМШР-ғы қайта сақтандырушының үлесін осы сақтандыру сыныбындағы қайта сақтандыруға берілген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі жинақтаушы статистиканың негізінде жеке әрбір сақтандыру сыныбы бойынша, ипотекалық сақтандыру сыныбын қоспағанда, актуарий айқындайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында осы сақтандыру сыныбындағы қайта сақтандыруға берілген сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі меншікті статистика болмаған не осындай статистиканың деректері жеткіліксіз болған кезде (мазмұны осы Нұсқаулықтың 14-тармағының талаптарына сәйкес келетін актуарийдің қорытындысына сәйкес) ОМШР-ғы қайта сақтандырушы үлесінің мөлшері МРШР-ғы қайта сақтандырушы үлесі мөлшерінің кемінде елу процентін құрауы тиіс. Егер МРШР мен МРШР-ғы қайта сақтандырушы үлесінің мөлшері нөлге тең болған жағдайда, ОМШР-ғы қайта сақтандырушы үлесінің мөлшері есеп айырысу күнінің алдындағы соңғы он екі айдың ішінде қайта сақтандыру шарты бойынша есептелген базалық сақтандыру сыйлықақысы сомасының кемінде бес процентін құрауы тиіс.

Сақтандырудың осы сыныбы бойынша қайта сақтандыруға берілген ипотекалық сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының ОМШР-дегі үлесінің мөлшері есеп айырысу күнінің алдындағы соңғы он екі ай үшін қайта сақтандыру шарттары бойынша есептелген базалық сақтандыру сыйлықақы сомасының 60%-нан кем емес болады.

Ескерту. 32-7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006.04.15 N 103 қаулысымен .

&2. "Өмірді сақтандыру" саласы 1. Үйлесімді қайта сақтандыру

32-8. Жинақтаушы емес өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін есептеу осы Нұсқаулықтың 32-2-32-4-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

32-9. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты және аннуитет шарты бойынша ОШР-ғы қайта сақтандырушының үлесі осы Нұсқаулықтың 22-25-тармақтарына сәйкес қайта сақтандыруға берілген

сақтандыру шарты бойынша жауапкершілік үлесіне сүйене отырып не қайта сақтандыру шарты бойынша базалық сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) нақты мөлшерінің негізінде айқындалады (алынған өлшемдердің қайсысының барынша аз болып табылатындығына байланысты).

Ескерту. 32-9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

32-10. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша МРШР-ғы қайта сақтандырушының үлесі осы Нұсқаулықтың 32-3-тармағына сәйкес айқындалады.

2. Үйлесімсіз қайта сақтандыру

32-11. Жинақтаушы емес өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін есептеу осы Нұсқаулықтың 32-5-32-7-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

32-12. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты және аннуитет шарты бойынша ОШР-ғы қайта сақтандырушының үлесі қайта сақтандыру шарты бойынша базалық сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) нақты мөлшерінің негізінде айқындалады.

Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты және аннуитет шарты бойынша ОШР-ғы қайта сақтандырушының үлесі жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты және аннуитет шарты бойынша ОШР мөлшерінен аспауы тиіс.

Ескерту. 32-12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

32-13. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша МРШР-ғы қайта сақтандырушының үлесі осы Нұсқаулықтың 32-6-тармағына сәйкес айқындалады.

6-тарау. Қорытынды ережелер

33. Нұсқаулықта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Қазақстан Республикасының
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының сақтандыру

резервтерін есептеу әдісіне
қойылатын талаптар туралы

нұсқаулыққа қосымша

Ескерту. Нұсқаулық қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 2003.12.06 N 433 қаулысымен .

200__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)
сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының
сақтандыру резервтерін есептеу туралы
есебі

(м ы ң т е ң г е)

1	2	3	4
1	"Жалпы сақтандыру" саласындағы сақтандыру резервтерін есептеудің актуарлық әдісі	барлығы	қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысы сомасынан түскен үлес
1.1.	Сақтандырудың ерікті нысаны бойынша	барлығы	
1.1.1.	Еңбек сіңірілмеген оның ішінде қайта	сыйлықақылар резерві (ЕСР) сақтандырушының үлесі	
1.1.2.	Орын алған, бірақ шығындар оның ішінде қайта	мәлімделмеген резерві (ОМШР) сақтандырушының үлесі	
1.1.3.	Мәлімделген, бірақ шығындар оның ішінде қайта	реттелмеген резерві (МРШР) сақтандырушының	

- 1.1.4. Қосымша резервтер
оның ішінде қайта сақтандырушының
- 1.2. Сақтандырудың міндетті нысаны
бойынша барлығы
- 1.2.1. Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар
резерві (ЕСР)
оның ішінде қайта сақтандырушының
- 1.2.2. Орын алған, бірақ мәлімделмеген
шығындар резерві (ОМШР)
оның ішінде қайта сақтандырушының
- 1.2.3. Мәлімделген, бірақ реттелмеген
шығындар резерві (МРШР)
оның ішінде қайта сақтандырушының
- 1.2.4. Қосымша резервтер
оның ішінде қайта сақтандырушының
Сақтандыру резервтерінің жиынтығы
(1.1. + 1.2.)
2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) барлығы қолданылып жүрген
ұйымының сақтандыру қызметін сақтандыру (қайта
реттеу және қадағалау жөніндегі сақтандыру)
уәкілетті мемлекеттік органның шарттары бойынша
нормативтік құқықтық актілерінде есептелген
белгіленген сақтандыру резервтері. сақтандыру
нің ең аз мөлшері сыйлықақысы
сомасынан түскен
- 2.1. Сақтандырудың ерікті нысаны
бойынша
- 2.2. Сақтандырудың міндетті нысаны
бойынша
Сақтандыру резервтерінің жиынтығы
(2.1. + 2.2.)
-

Бірінші басшы _____
Бас бухгалтер _____
Актуарий _____
Орындаушы _____
тел. _____

мөр орны _____

* Ескерту: 2, 2.1, 2.2. жолдарының талаптары 2004 жылғы
1 желтоқсанға дейін қолданылады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК